

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті
Глубокое ауданының Әділет басқармасы»
Мемлекеттік мекемесі
Занды тұлғаға мемлекеттік тіркеу
1998 ж. «25» 08 жүргізілді
БСН 920840002641

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Шығыс Қазақстан облысының әділет департаменті
Глубокое ауданының Әділет басқармасы»
Мемлекеттік мекемесі
Құрылтай құжаттарына енгізілген
өзгертулер мен толықтырулар
2019 ж. «18» 02 тіркелді
БСН 920840002641

1
Глубокое ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 11 сәуірінің № 42
қаулысына қосымша



Глубокое ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 11 сәуірінің № 42
қаулысымен
бекітілді.

**«Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы
Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕСІ**

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. «Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - әкім аппараты) мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Әкім аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарымен және Конституциясына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Президентінің актілерімен, басқа да нормативтік актілеріне, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Әкім аппараты ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы мемлекеттік мекеме заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік тілдегі өзінің атауы жазылған мөрі және бұрыштамасы, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоты, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Әкім аппараты азаматтық-құқықтық қатынасқа өз атынан түседі.

5. Әкім аппараты азаматтық-құқықтық қатынасқа мемлекет атынан сөйлей алады, егерде ол заңнамаға сәйкес уәкілетті болса.

6. Әкім аппараты өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген актілермен, дайындалған басшымен өкімдерін, заңнамада көрсетілген тәртіптерге байланысты шешім қабылдайды.

7. Әкім аппаратының штат санымен құрылымы қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: 070506, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Быструха ауылы, Новостройка көшесі 16.

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: «Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы ереже «Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Әкім аппаратының қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Әкім аппаратына міндеттерді орындауда «Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметтері болып табылатын кәсіпкерлік субъектермен шарттық жағдай жасауға рұқсат етілмейді.

2. Тарау Мемлекеттік органдарының міндеттері мен құқығы, қызметі, негізгі тапсырмаларымен, миссиясы

13. Миссиясы:

«Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік саясатты жүргізу бойынша әкімдіктің қызметін қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту үшін қолайлы және ұтымды жағдай жасау, ауылдық округ әкімінің қызметіне ақпараттық-сараптамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыру;

14. Тапсырмалар:

ақпараттық-сараптамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық әкім қызметін қамтамасыз ету, сонымен қатар жергілікті маңызды мәселелерді шешу;

15. Қызметі:

азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды;

салық және бюджетке арналған төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдеседі;

өз құзыреті шегінде жер қатынастарды реттеуді жүзеге асыру;

ауылдық округтің коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді;

өз құзыреті шегінде әскери міндеттер мен әскери қызмет мәселелері жөнінде заңнаманы орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

шаруашылық бойынша кітап есептерін жүзеге асырады;

елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

елді мекендерде жануарларды жайылымдық орнын анықтайды;

тұрғындармен есеп беру кездесулерін өткізеді;

ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарында және жергілікті қоғамдастық жиының өткізуде ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

жергілікті қоғамдастық жиының және жергілікті қоғамдастық жиналысының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы хабардар етіледі;

жергілікті қоғамдастық жиының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында қабылданған және әкіммен мақұлданған шешімдерді орындауды қамтамасыз етеді;

ауылдық округтің бюджетін жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз етеді;

жергілікті қоғамдастықтың жиналысына және аудан мәслихатына ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы есепті ұсынады;

ауылдық округтің бюджетін іске асыру туралы шешімді қабылдайды;

жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлейді және оны жергілікті қоғамдастық жиналысының бекітуіне ұсынады;
 ауылдық округтің коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншіктерін мақсатты және тиімді пайдалануды бақылайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншік мәселелерінде мемлекеттің мүдделерін білдіреді, ауылдық округтің мүліктік құқықтарын қорғауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

нотариаттық әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді;

қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының Заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Құқығы және міндеті:

басқа ұйымдар мен мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардан өз қызметін атқару үшін қажетті ақпараттарды сұрай алады;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иелену және пайдалану; шарт, келісімдер жасасуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарастырылған өзге де құқықтарға ие:

қолданыстағы заңнамаға сәйкес халыққа жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және басқа да орталық атқарушы органдардың, облыс, аудан, ауылдық округ әкімдері мен әкімдіктерінің актілері мен нұсқауларын сапалы және уақтылы орындау;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Тарау Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17.«Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшылығы ауылдық округ әкімімен жүзеге асады, ол ««Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерінің орындалуына, олардың өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

18.Ауылдық округ әкімі лауазымға Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тағайындалып босатылады.

19.Ауылдық округ әкімінің өкілеттігі:

әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады, оның әрекетіне басшылықты жүзеге асырады;

заннымаға сәйкес әкім аппаратының техникалық қамтамасыз ету жұмысына жүзеге асыратын әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен жұмысшыларын тағайындайды және тәртіптік жазаға тартады;

әкім аппаратының қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді; қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ету бойынша тиісті шараларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамай үшін дербес жауап береді;

жерлікті қоғамдастық жиынын немесе жерлікті қоғамдастық жиналысында қабылданған шешімді қарайды, олардың орындауын қамтамасыз етеді;

Қазақстан бюджет қаражаттарын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жерлікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлер қабылдайды;

мемлекеттік мекемелердің өздерінің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді;

ауылдық округтің тұрғын үй қорын түгелдей жүргізеді; Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерді және заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Тарау Мемлекеттік органның мүлкі

20. «Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. «Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамда қарастырылған жағдайларда жедел басқару құқығында бөлек меншік болуы мүмкін.

Әкім аппаратының мүлкі оған берілген меншік мүлік есебінен қалыптасады, сондай-ақ мүлік (ақшалай кірістерді қоса), Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден және өз ережелерінің нәтижесінде сатып алынған есебінен қалыптасады.

22. Әкім аппаратына берілген мүлік, коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңда өзгеше көзделмесе, әкім аппараты өзіне беріліп берілген мүлкі және қаржыландыру жоспарына сәйкес оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкі өз бетінше иеліктен шығаруға немесе басқаға биік етуге құқылы емес.

24. Егер заңда өзгеше көзделмесе, әкім аппараты жерлікті қоғамдастық жиналысымен келісе отырып өзіне беріліп берілген мүлкі және қаржыландыру жоспарына сәйкес оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлкі иеліктен шығаруы немесе өзгелей түрде иеліктен шығаруы мүмкін.

24. «Шығыс Қазақстан облысы Түбокое ауданы Быструха ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесін тарту мен жою Қазақстан Республикасының заңнамаарына сәйкес жүзеге асырылды.

5. Тарту Мемлекеттік органды тарту және жою